


БАЙКАБИЛОВ УСЕРБАЙ
АЛИМХАНОВИЧ

ҚАЗАҚ ТІЛІ СТИЛИСТИКАСЫ




ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРЫ БИЛИМ, ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛАР МИНИСТРЛИГІ

ШЫРШЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКА
УНИВЕРСИТЕТІ

БАЙКАБИЛОВ УСЕРБАЙ АЛИМХАНОВИЧ

ҚАЗАҚ ТІЛІ СТИЛИСТИКАСЫ

(Оқулық)



Ташкент
«Osiyo tur»
2024

УДК-81.512.122;81'38
КБК-81.2 Рус-5
Б-30

Байкабилов У.А.. Қазақ тілі стилистикасы [Мәтін]. – Т.:
"Osiyo tur", 2024. 244 б.

Пікір жазғандар:

Бекниязов Б. – *Әжінияз атындағы Нөкіс мемлекеттік педагогикалық институты - Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының доценті, (PhD).*

Байзаков Ж. – *Шыршық мемлекеттік педагогикалық университеті – Өзбек тіл білімі кафедрасының оқытушысы, PhD.*

Жоғары оқу орындары студенттеріне арналған қазақ тілі стилистикасына арналған оқулық бүгінгі білім беру жүйесіне жаңа талап деңгейіндегі оқулықтар қажеттілігі айқын.

Сондықтан ұсынылып отырған оқу құралы – қазақ тілі мен әдебиетті оқыту саласындағы жаңа бағыттар мен стильдік мақсаттарға негізделген. Оқулықта стилистиканың объектісі мақсат мен міндеттері және тілдік нормаларды тиімді қолдануға даярлауға бағдарланған. Бұл пәнде қазақ тілі және әдебиетінен білім беруде стилистиканың – ең алдымен стиль туралы ғылым екендігі, сондай-ақ тіліміздегі сөздердің лексикалық және грамматикалық мағыналарынан басқа қосымша реңін эмоциональды-экспрессивті бояуы, стильдік сапасы немесе мәнерлі тәсілдері, стильдік бірліктердің сыр-қырлары қарастырылған. Бұл пәнді үренуде педагогтарды жазба әдеби тіл қоғамның мемлекеттің ресми тілі болғандықтан оның қызметі де, қолданылу аясы да барынша кең екендігі, тіл мемлекетте жүргізілетін іс қағаздарының, әдебиеттің, оқу-ағарту, тәрбие жұмыстарының, саясаттың, өнер-білімнің, бұқаралық ақпарат құралдарының барлық салаларында қызмет атқаруда өзінің септігін тигізетін тілдің түрлі стильдік тармақарын қолдану әдістері енгізілген.

Бұл оқулық *Өзбекстан Республикасы Жоғары білім, ғылым және инновациялар министрлігінің 2024 жылғы 04 марттағы 55-санды бұйрығына негізделіп баспаға ұсынылды.*

ISBN 978-9910-9392-2-8

ТҮСІНІК ХАТ

«Қазақ тілі және әдебиеті» мамандығы бойынша маман дайындауда «Қазақ тілінің стилистикасы» пәнінің алатын орны мен маңызы ерекше зор.

Студенттер бұл пәнді оқып үйрену барысында стилистиканың негізгі ұғымдары мен категорияларын, қазақ тілінің бай стилистикалық құралдарын және әдеби тілдің функциональды стильдік тармақтарын жан-жақты, терең игеруі қажет. Тілдің стилистикалық байлығы, стилистикалық нормалары, олардың тарихи өзгермелілігі және тілді қолдану жағдайына байланысты түрліше нұсқаларға ие болатындығы, тілдік құралдарды қолдану контекстің стильдік тұрпатына байланысты болатыны туралы қажетті мағлұматтар алуы тиіс. Сол арқылы олар мәтіндегі, сөйлеген сөздеріндегі стилистикалық қателерді тауып, олармен жұмыс жасау жолдарын меңгереді.

Стилистика бойынша теориялық біліммен қаруланып, дәрісханада және одан тыс жүргізілген тәжірибелік жұмыстардың нәтижесінде студенттер өздерінде стилистикалық дағды мен стилистикалық түйсікті қалыптастыра алады. Алдына қойған мақсаттарына сәйкес, тілді дұрыс, тиімді, әсерлі, шешен қолданудың әдіс-тәсілдерін меңгереді.

*Ғылым – Отанның ең киелі дүниесі болуға
тиіс. Өйткені ойлаудан әрі үзбей ойлана
іздеуден өзге жұртты артқа тастап,
өзған халық қана берекелі ел бола алады.*

Л.Пастер

КІРІСПЕ

Өзбекстан Республикасы ХХІ ғасырда болашақ ұрпаққа білім мен тәрбие беру жүйесінің жаңа принциптерін қалыптастыруды ең негізгі міндет етіп қойып отыр.

Президентіміз Ш.М.Мирзиёев «Біз өз алдымызға елімізде Үшінші Ренесанс негізін құруда ұлы мақсатты қойған екенбіз, ол үшін жаңа Хорезмилар, Берунилер, Ибн Синалар, Мырза Ұлықбектерді, Науаи және Бабырларды тәрбиелейтін ортаны және жағдайларды жаратуымыз керек. Мұнда ең алдымен, білім мен тәлім-тәрбиені дамыту, салауатты тұрмыс салтын қалыптастыру, ғылым мен білім және инновацияларды өркендету ұлттық идеямыздың негізгі бағаны болып қызмет етуі қажет»¹ - деген болатын. Демек, әлемдік білім кеңестігінен орын алуда білім мазмұнын байыту, жаңа инновациялық технологияларды енгізу, жан-жақты дамыған, өз елін сүйетін тұлға қалыптастыру ең өзекті мәселелердің бірі.

Жаңа білім беру жүйесі дәстүрлі оқыту үдерісін түбегейлі өзгертіре отырып, оқытудың жаңа технологияларын пайдаланудың жаңа жолдарын қарастырады. Мұның өзі білім мен тәрбие берудің, жеке тұлғаны жан-жақты дамытудың нәтижелі болуын ұйымдастыра білуді, оқушылардың білімді өз ізденісі мен белсенділіктерін арттыруға бағыттайды.

Жастарды биік адамгершілікке, еліне, Отанына, халқына деген асқан сүйіспеншілік сезімге тәрбиелеуде қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесі пәнінің орны ерекше.

¹ Өзбекстан Республикасы Президенті Шавкат Мирзиёевтің Олий Мажлиске жолдауынан «Нұрлы жол» газеті №104. 30 декабрь 2020 жыл.

Стилистика тіл білімінің негізгі салаларының бірі. Тілдік элементтердің дұрыс, әсерлі қолдануын өзінің объектісі санайтын стилистика тіл білімінің барлық салаларымен байланысты. Ол сөз ішіндегі дыбыстардың жүйелі жұмсалуды, морфологиялық сөз тұлғаларымен грамматикалық формалардың жүйелілігін, сөз тіркестері мен сөйлемдерді бір-біріне дұрыс ойластырып, дұрыс құрмаластыру жақтарын қарастырады.

Стилистика сөйлеу тілі, әдеби жазба тілі, оның әрбір салаларындағы стильдерін қамтиды. Сөйлеу, жазу барысында белгілі бір әдеби нормаға сай дұрыс әсерлі қолдануын, көңілдегі көрікті ойдың тіл арқылы айқын да көркем жеткізілуін, эмоционалды-экспрессивті бояуы бар амал-тәсілдерді орынды қолдануды үйретеді. Қазақ халқының қымбат қазынасы ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің сөздік қорын мол қамтитын сауатты пайдалана білуге үйретеді.

Көркем әдебиеттегі А.Құнанбаев, Ы.Алтынсарин, А.Байтұрсынов, М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов шығармаларының стильдік ерекшелігі, тілдерінің көркемдігі, енгізген жаңа сөз үлгілері, сөздік, лексикалық байлығы талданады.

Стилистика тіл білімінің негізгі салаларының бірі. Тілдік элементтердің дұрыс, әсерлі қолдануын өзінің объектісі санайтын стилистика тіл білімінің барлық салаларымен байланысты. Ол сөз ішіндегі дыбыстардың жүйелі жұмсалуды, морфологиялық сөз тұлғаларымен грамматикалық формалардың жүйелілігін, сөз тіркестері мен сөйлемдерді бір-біріне дұрыс ойластырып, дұрыс құрмаластыру жақтарын қарастырады.

Стилистика сөйлеу тілі, әдеби жазба тілі, оның әрбір салаларындағы стильдерін қамтиды. Сөйлеу, жазу барысында белгілі бір әдеби нормаға сай дұрыс әсерлі қолдануын, көңілдегі көрікті ойдың тіл арқылы айқын да көркем жеткізілуін, эмоционалды-экспрессивті бояуы бар амал-тәсілдерді орынды қолдануды үйретеді. Қазақ халқының қымбат қазынасы ауыз әдебиеті мен

жазба әдебиетінің сөздік қорын мол қамтитын сауатты пайдалана білуге үйретеді.

Көркем әдебиеттегі А.Құнанбаев, Ы.Алтынсарин, А.Байтұрсынов, М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов шығармаларының стильдік ерекшелігі, тілдерінің көркемдігі, енгізген жаңа сөз үлгілері, сөздік, лексикалық байлығы талданады.

Пәнді оқытудың мақсаты: студенттерді стилистика ғылымының теориялық негіздерімен таныстыру, қазақ әдеби тілінің стилистикалық құралдары, стильдік тармақтары туралы мағлұмат беріп, оларды ажыратудың жолдарын көрсету, студенттерге стилистикалық норманы меңгерту, сөздердің, басқа да тілдік тұлғалардың қолданылуына қарай туындайтын мағыналық реңктерін, стильдік қырларын ажырата білуге үйрету.

Пәнді оқыту міндеттері:

- студенттердің сөйлеудің әртүрлі стильдерін, қазақ тілінің синонимдік барлық байлығын, әралуан құралдарын іс жүзінде қолдана алу дағдыларын дамытып жетілдіру;

- болашақ тілші – мұғалімдерді оқушылардың стилистикалық дағдыларын қалыптастыруға баулып дайындау;

- студенттердің тілдік талғамын, сөйлеу мәдениетін арттыру.

Қысақасы, мұғалім мектеп оқушысын бұрынғыдай өз талабына ғана тәуелді ете оқытудан бас тартуға, қабілетіне, сұранымына қарай ынтымақтастықпен жұмыс істеуге баулу керек.

ТЕОРИЯЛЫҚ САБАҚТАР БОЙЫНША ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК МАТЕРИАЛДАР

1-тақырып. Стилистиканың жалпы мәселелері

Жоспар:

1. Стилистика пәнінің міндеті мен мақсеті
2. Жалпы халықтық тіл және оның түрлері
3. Әдеби тіл және оның нормасы
4. Әдеби тілдің стильдер жүйесі
5. Қорытынды.

Тірек түсінік: Стилистика – стильдер жинағы. Қарапайым сөздер, ауызша және жазбаша тіл. Стилистиканың тіл салаларымен байланысы.

Стилистика – тіл білімінің бір саласы. Орыс тіл білімінде стилистика мәселелерінің зерттелуі көптен бері қолға алынып, бұл салада біраз еңбектер де жарияланды. Солардың ішінен А.М.Пешковский, Л.В.Щерба, В.В.Виноградов, Т.В.Винокур, А.И.Ефимов сияқты зерттеушілердің еңбектерін айтуға болады. Стилистиканың бір қатар проблемалық мәселелері 1954-жылы «Вопросы языкознания» журналы ұйымдастырған пікір талас материалдарында да қамтылған.

Стилистикадағы негізгі ұғымдардың бірі – стиль. Оны осы күнге дейін әркім әр түрлі түсінеді. Себебі, стиль терминінің мазмұны кең, оның жұмсалатын орны көп. Стиль – латынша *stylos* (қазақша – жазу құралы) деген сөз. Латын тіліндегі – стиль сөзі «жазу мәнері» деген мағынада қолданылатын болған. Лингвистикада «стиль» жазу мәнері, сөзге сендіру тәсілі, мәнерлі сөйлеу және белгілі бір әдеби жанрға тән тілдік құралдар жүйесі деген сияқты көптеген мағынада қолданылып келген. Стиль терминінің алғашқы мағыналары қазір де жойылмағандықтан сол ұғымдар негізінде стилистиканы тіл білімінің маңызды